

Қазақстан Республикасының шекаралық аймағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекара аймағы тұрғынының куәлігін беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 281 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 22 қаңтарда № 19906 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының шекаралық аймағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекара аймағы тұрғынының куәлігін беру қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8473 болып тіркелген, 2013 жылғы 4 қыркүйекте "Казахстанская правда" газетінің № 203 (28142) санында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабы 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

Қазақстан Республикасының шекаралық аймағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға шекара аймағы тұрғынының куәлігін беру қағидасында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Шекаралық аймақ тұрғыны куәлігін ұзартқан жағдайда ол көші-қон қызметінің уәкілетті қызметкерінің қолымен және аумақтық ішкі істер органының елтаңбалы мөрімен расталады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Әрбір ресімделген куәлікке Қазақстан Республикасының қалалары мен аудандарының стандарттық кодына сәйкес ауданының (қаланың) үштаңбалы кодынан тұратын нөмір және бөлшек арқылы – тіркеу журналы бойынша реттік нөмірі беріледі.

Барлық кодтар, сондай-ақ тіркеу мекенжайлары және оларда қабылданған қысқартулар Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 583 бұйрығымен бекітілген "Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларына (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13911 болып тіркелген) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кодтар мен қысқартулардың анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрі

E. Turgumbayev

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК